

МКҚК №11 «Аружан» бөбекжай-бақшасы

Бекітемін  
№11 «Аружан» бөбекжай  
бақша басшысы  
*А.Ш.Есбол*  
«28» тамыз 2019ж

# «Мен ұқыпты баламын!»

(Ашық оқу іс-әрекет)

№3 «Күнбағыс» тобы  
Тәрбиешілер: Мусабекова Н.П  
Сулейменова К.А

Шымкент қаласы

## **Ашық оқу іс-әрекеті**

**Білім саласы:** «Денсаулық», «Қатынас», «Таным»

**Білімбөлімі:** Денешынықтыру, сөйлеуді дамыту, қарапайым математика

**Тақырыбы:** «Мен ұқыпты баламын!»

**Мақсаты:** Балалардың жалпы коммуникативтік, креативтік, сыни ойлау, ынтымақтастығын, ой-өрісін дамыта отырып жеке басының гигиенасы, тазалық, денсаулық туралы ұғымдарын кеңейту. Тазалық құралдарын тура айтуға және ажырата білуге, оларды пайдалана білуге үйрету. Тазалыққа, ұқыптылыққа жинақтылыққа тәрбиелеу.

**Ресурстар:** Тазалық заттары, кірқойманың макеті, флорелеграф тазалық заттардан, телефон, аудио запис.

**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, рөлге бөліп ойнату, сұрақ-жауаптар, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, тиым сөздер.

*(Балалар, топта шеңбер болып отырады)*

## **Мотивациялық қозғаушы**

### **Шаттық шеңбері.**

Шеңбер болып тұрайық,

Алақанда ашайық.

Күннен жылу алайық,

Жүрекке жылу салайық.

Жиналған жылы шуақты.

Қонақтарға сыйлайық.

Сәлеметсіздер ме, қонақтар!

Көңіл-күйлерің жақсы сияқты. Енді орнымызға келіп отырайық.

*(Осы кезде қоңырау шырылдайды)*

## **Ұйымдастырушы ізденуші:**

- Бізге біреу хабарласып жатыр. Кім екен?

- Алло! Бұл кім екен? Кірқоймас? Ия, бұл «Күнбағыс» тобы. Келіңіз. Біз сізді күтеміз.

- Балалар, бізге кірқоймас келеді екен. Сендер Кірқойманың кім екенін білесіңдер ме?

- Ия, білеміз.

- Оны күтіп алайық.



**Кірқоймас:**

-Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен кірқоймаспын. Мені сендер жақсы білулерің керек. Күнделікті ертемен жуынасыңдар, үнемі қолдарыңды шаясыңдар. Мен өзімнің тазалық заттарымды жоғалтып алдым, маған көмектесіңдерші.



**Тәрбиеші:**

-Әрине көмектесеміз, біздің балалар тазалықты жақсы көреді.  
(Осы кезе есік қағылады)

**Тәрбиеші:**

Тағыда қонағымыз келді. Бұл кім болды екен?

(Топқа дәрігер кіреді)

-Сәлеметсіңдер ме, балалар!

-Сәлеметсізбе, дәрігер апай. Сіз кімді іздеп жүрсіз?

**Дәрігер:**

-Мен жаңа ғана бір кір қожалақ бала көріп едім, соны таппай қалдым. Мен оған таза жүрмесе, ауырып қалатындығын ескертіп таза жүруін айтайын деп едім. Балалар, сендер таза жүресіңдер ме?

-Ия, таза жүреміз.

(Осы кезде есік ашылады, топқа кір қожалақ баланы сүйретіп, екі тазалық секторлары кіреді)

**Тазалық секторлары:**

-Сәлеметсіңдер ме, балалар! Осы топқа кірқоймас пен тазалықты сақтайтын дәрігер келді деген соң Жомартты ертіп келдік.Бұл балаға не айтасыздар?

**Тәрбиеші:**

-Не айтамыз балалар?

**Балалар:**

-Ұят-ай, балақай,  
Дейміз бе мазақтай.  
Көрінбе ешкімнің көзіне  
Жүрме енді сен бұлай.

**Жомарт:**

Балалар, мені мазақтамаңдаршы. Онсыз да тісім ауырып, бетім қышып мазамды алып тұр.

**Тәбиеші:** Балалар, біз тісімізді қалай тазалаймыз, Жомартқа көрсетейік.



**Дәрігер:**

Көрдің бе, сен таза жүрмегендіктен үсті басың қышып тұр, сен ол үшін өз-өзінді таза ұстап, жуынып жүруің керек. Әйтпесе сен ауырып қаласың.

*(Жомарт қатесін түсініп жылайды)*

**Тәрбиеші:**

Балалар, Жомарт қатесін түсінді. Оған көмектесейік. Ол үшін Кірқоймастың көмекшілерін табу керекпіз. Кірқоймас жұмбақ жасырады, біз жауабын тауып сол заттармен Жомартты таныстыруымыз керек.



**Кірқоймас:**

**1-Жұмбақ:** Дәмі де жоқ, түсі де жоқ

Пайдаланбайтын кісі де жоқ. Бұл не? (Су)

**2-Жұмбақ:** Арқалығы сүйектен, жапсырылған қылы бар.

Тістен көрсе кірлерді, тұра алмайтын жыны бар.

Бұл не?(Тіс щеткасы)

**3-Жұмбақ:** Қант та емес, ұнда емес, ұқсастық бар ептеген.

Тістің бәрін аппақ қып, тигізеді септігін.

Бұл не? (Тіс пастасы)

**4-Жұмбақ:** Ертемен күнде сен, қолыңды сүйкейсің.

Кетіп кір-ласың,тап-таза боласың. Бұл не? (Сабын)

**5-Жұмбақ:**Шомылған баланы,аймалап алады.

Сипайды қолды-да,сипайды жонды-да. Бұл не? (Сүлгі)

**6-Жұмбақ:** Қарайды кісіге, ұқыпты ісіне. Бұл не? (Айна)

**7-Жұмбақ:**Қолы жоқ, сөзі жоқ, бірақ тісі бар.

Басыңмен ісі бар. Бұл не? (Тарақ)

(Барлығы Жомартқа көмектеседі)

**Тәрбиеші:**

Балалар барлық жұмбақтың шешуін дұрыс таптыңдар бұлардың барлығы тазалық құралдары. Міне сондықтанда адам өзінің денсаулығы болу үшін жуынып, таза жүруі керек. Дені сау адам көңілді, мықты, жұмысқа қаблеті жақсы болады.Жомарт міне сенде тазалық заттардың бәрі болды.

**Жомарт:**

-Балалар, сендерге рахмет. Мен жуынып, тап-таза болып жүремін. Кір болып жүру шынында ұят екен.

**Тәрбиеші;**

-Сонымен қатар балалар, денсаулығымызға қимыл-қозғалыстар да пайдалы екен

**Сергіту сәті:**

(Спортпен байланысты, қимыл-қозғалыты жаттығу)

Жадыраған Күндейміз, Күндейміз!

Жайнап өскен Гүлдейміз, Гүлдейміз!

Тұнық таза, Ауамыз, Ауамыз!

Жадыраған Сумыз біз, Тазамыз, Тазамыз!

**Тәрбиеші:**

-Олай болса, сендер біздің балаларымызбен бірге тазалық жайлы біліп, балалардың қаншалықты тазалықты дұрыс сақтайтынын біліп кетіңдер. *(Оларды орындыққа жайғастырып отырғызу)*

**Ашық сұрақтар:**

-Балалар, сендер қалай ойлайсыңдар, тазалық дегеніміз не?

**1-Бала:** - Тазалық дегеніміз кол, денесін, киімін таза ұстау, уақтылы жуынып жүру.

**2-Бала:** - Тамақ ішер алдында міндетті түрде қолды жуып отыру керек.

**3-Бала:** - Адам ұйқыдан тұрғанда міндетті түрде қолды, бетін, құлағының ішін жуады, тісін тазалайды.

**4-Бала:** - Ұйқыға жатар кезінде де дәл осылай орындау керек.

**5-Бала:** - Жаттығулар жасау керек.

**6-Бала:** -Дәрумені мол тағамдар көкөністер мен жемістержеу керек.

-Дұрыс айтасыңдар бұндай тазалыққа балаларды кішкентай кезінен үйрету *(даңдыландыру)* керек екен.

Ал, сендер осындай тазалықты сақтай аласыңдар ма?

**Еркін ойын: «Мен ұқыпты баламын!»**

**Шарты:**Фланелеграфта өздерінің күн тәртібін сурет бойынша рет-ретімен орналыстырып шығады.

**Кірқоймас:**

-Балалар, сендер сендер тазалық туралы мақал-мәтел, ырым, тыйым сөздер білесіңдер ме?

**Мақал-мәтелдер;**

**1-Бала:** -«Денсаулық-зор байлық»

**2-Бала:** -«Дені саудың-жаны сау»

**3-Бала:** -«Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде»

**4-Бала:** -«Шынықсаң-шымыр боласың»

**5-Бала:** -«Ұқыпсыздық, салақтық-жаман әдет»

**6-Бала:** -«Тазалық-денсаулық кепілі!»

**7-Бала:** -«Денсаулықтың досы-тазалық!»

**8-Бала:** -«Денсаулық-тамақ, денсаулық-күш, денсаулық-тазалық!»

### **Тыйым сөздер мен ырымдар;**

**1-Бала:** - «Тырнақты тістесе, ырыс-несібе кетеді»

**2-Бала:** - «Түн ішінде тырнақ алмайды»

**3-Бала:** - «Тырнақ пен шашты баспайды, отқа тастамайды, оларды адам баспайтын жерге көмеді»

### **Өлең шумақтар:**

**1-Бала:** Тазалықты іздесең,

Мөлдір судан аласың.

Жиі-жиі жуынсаң,

Аппақ таза боласың

**2-Бала:** Тазалықты іздесең

Шампунь, сүлгі керегі.

Бірі жуып шашыңды,

Бірі сүртіп береді.

**3-Бала:** Тазалықты іздесең,

Айна, тарақ керегі.

Бірі тарап шашыңді,

Екіншісі көреді.

**4-Бала:** Тазалықты іздесең

Тіс, пастандан табасың.

Тістеріңді шөткеге,

Тазалатып аласың.

**5-Бала:** Дос бол сабын, сумен сен,

Жиі-жиі жуын сен.

Таңертең де, кешке де

Жуын күндіз-түсте де.

**6-Бала:** Жуын тамақ алдында,

Жуын тамақ соңында.

Жуын ұйықтар кезінде,

Жуын тұрған мезгілде.

*(Кірқоймас пен Дәрігер сыйлықтарын беріп, қоштасып кетеді)*

### **Рефлексия:**

**Тәрбиеші:**

-Балалар, адам қолындағы кіді кетіру үшін, лас қолын судың астына қойып тұрса, кір кетеме?

**Балалар:**

-Жоқ. Кірді кетіру үшін екі қолды бір-біріне үйкейді, содан соң барып, су тазартады.

Жұмсарған езілген кірді су өзімен бірге алып кетеді.

-Қандай бала болуымыз керек?

-Ұқыпты, таза болуымыз керек.

**Балаларды мақтап, мадақтау.**